| Дене шынықтыру | <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар: Гимнастикалыққабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқтыкезектестіре бүгү және тік көтеру.</p> <p>Іштің бұлышық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);</p> <p>Арқаға арналған жаттығулар: стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: қолды тізеге қойып отырып-тұру</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>заттардан бір қырымен аттап жүру;</p> <p>кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру,</p> <p>гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу;</p> <p>оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр) секіру;</p> <p>2-2,5 метр арақашықтықтағы нысананаға асықты лақтыру;</p> <p>арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) тепе-тендікті сақтап жүру ;</p> <p>бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру.</p> <p>Музыкалық-ыргақтық қимылдар.</p> <p>Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ыргақты орындауды үйрету. Қимылдардың ыргағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанауды, жүгіріп келіп сырғанауды үйрету.</p> <p>Спорттық ойын элементтері:</p> <p>Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанатуды, оны қақпаға кіргізуі үйрету.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> |

| | |
|-------------------|--|
| | <p>Дербес қымыл белсенділігі. Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүргуге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді көнегіту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сұлгімен сұртінүү. Осы шараларды жүргізуіндік және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсінуін жетілдіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзін-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауда, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауда баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары Таңертенгі жаттығуды орындауда қызығушылық тудыру, дene бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> |
| Қазақ тілі | <p>Тілдік дамытушы орта. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен жабдықталған орта құруды үйрету.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау дағдысын дамыту(басы, ортасы, соны).</p> <p>Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шанырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), сөздермен таныстыру, толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелден, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауғамумқіндік беру.</p> |

| | |
|-----------------------------|--|
| | <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасату.</p> <p>Сөздік қор. Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздердің қолдану және түсіну, оларды сөйлегендеге белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып күра білуді дамыту</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру дағдыларын жетілдіру</p> |
| Көркем әдебиет | <p>Өдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айтуды, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсінуін дамыту.</p> <p>Көркем шығарманы рөлдергебеліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беруді менгерту</p> |
| Саят ашу негіздері | <p>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсінуін дамыту.</p> <p>Жазуды көзben қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, ұстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкіжоғарыдан төменге, солдан онға қимылдарды орындаپ, сызықтарды үзбей салуды дамыту.</p> |
| Математика негіздері | <p>Жиын. Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін салыстыруды.</p> <p>Сан, санау. Көрнекілік негізінде 9 санының пайда болуымен таныстыру. 9 көлеміндегі санды тұра және кері санауға үйрету.</p> <p>Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету</p> <p>Геометриялық фигуралар. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кешे», «бүгін», «ертең»), оқигалардың</p> |

| | |
|-------------------|---|
| | <p>ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтауды.</p> <p>Нұктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сзықтарды дәптердің тор көзінде сызуға үйрету.</p> |
| Сурет салу | <p>Қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалауды үйрету.</p> <p>Тұзу, ирек, жінішке, жалпақ сзықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нұктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту</p> |
| Мұсіндеу | <p>Қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мұсіндеуді үйрету.</p> <p>Мұсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдануды жетілдіру: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мұсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау).</p> <p>Ойдан өз бетінше мұсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мұсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнауын ұйымдастыру.</p> |
| Жапсыру | <p>Сюжеттік композициялар жасауды, оларды сәнді бөлшектермен толықтыруды, жеке және топпен бірлесіп жасауды, онда міндеттерді келісіп атқаруды үйрету. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беруді. Қайши мен желімді дұрыс қолдану дағыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтауын қадағалау.</p> |
| Құрастыру | <p>Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық ыдыстарын құрастыруды үйрету Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Дайын ұлғілермен және қарапайым сыйба бойынша жұмыс істеуді, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдануды пысықтау. Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған тұрмыстық заттарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін ұйымдастыру.</p> |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (эн, күй, марш, би) үйрету. Ән айтү. Ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алушы қалыптастыру Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүргіру, жүрелеп отыру арқылы бере білуді дамыту.</p> |

| | |
|-----------------------------------|---|
| | <p>Билер. Би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, «Қаражорға» биін билету</p> <p>Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығаруды, мәтінге сәйкес әнді сахналауды; шығармашылық тапсырмаларды орындауга ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық асатаяқ және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> |
| Коршаган ортамен таныстыру | <p>Бала, оның отбасы, үйі. Тұыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты, атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білуді жетілдіру</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетіншеанықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауды менгерту.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сактауды дамыту.</p> <p>Еңбекке баулу. Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғынадейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Мемлекеттік мерекелердің (Жаңа жыл, ұлттық мереке (Тәуелсіздік күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысады ұйымдастыру.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сактауды үйрету.</p> <p>Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұңғыларі, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр);</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюін түсіндіру.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасауды үйрету.</p> <p>Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сактау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында деңсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілуін пысықтау.</p> |

Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін көңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.

Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын менгерту Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын талқылап үғындыру.

Коршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды пысықтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындау, олардың соңынан ермеу).

Білім беру үйімі : МКҚҚ «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

Топ/сынып: Мектепалды топ «Астана»

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Қантар айы 2024жыл

| Ұйымдастырылған іс әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---------------------------|--|
| Дене шынықтыру | <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұры). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар: 3-5 метр қашықтықта екіқолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).</p> <p>Арқаға арналған жаттығулар: стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: қолды тізеге қойып отырып-тұру</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, алғақарай жүру; кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу қарқынмен 1,5–2 минуттоқтамай жүгіру;</p> <p>бірнеше заттардан еңбектеп өту;</p> <p>бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр);</p> <p>2–2,5 метр арақашықтыға нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру;</p> <p>әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай бойымен тепе-тендікті сақтап жүру;</p> <p>орнында айналу</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Тұзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шенбер бойымен жүруді үйрету.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p> <p>Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанауды менгерту.</p> <p>Спорттық ойын элементтері:</p> <p>Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып</p> <p>Лақтыруды үйрету.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> <p>Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру.</p> |

| | |
|-----------------|---|
| | <p>Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырылған танытуға тәрбиелеу</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</p> <p>Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сұлгімен сұртіну. Осы шараларды жүргізуің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсінуін пысықтау.</p> <p>Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзін-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары</p> <p>Таңертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дene бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> |
| Қазақ тілі | <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құруды жетілдіру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p> <p>Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуда дағдыланыру.</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Тұыстық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «туысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Сөздерді жіктең, тәуелден, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегендеге қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру</p> |
| Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтауды (басы, ортасы, соны).</p> <p>Артикуляциялық жаттығулар жасауды дамыту</p> <p>Сөздік қор.</p> <p>Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздердің қолдану және түсінуді, оларды сөйлегендеге белсенді қолдану</p> |

| | |
|-----------------------------|--|
| | <p>дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білуді, етістіктерді жалғаулармен қолдануды, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдануды қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелердің құрастыруды үйрету</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру</p> |
| Көркем әдебиет | Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуды. Көркем шығарманы рөлдергебеліп, сахналауды, рөлдерде кейішкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің құмылыны, интонациясы мен мимикасын беруді, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындауды үйрету. |
| Саят ашу негіздері | Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденен, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нұктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойыншажәне кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. |
| Математика негіздері | <p>Жиын. Жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біrine қатынасы негізінде салыстыруды пысықтау.</p> <p>Сан, санау. Көрнекілік негізінде 10 санының пайда болуымен таныстыру. 10 көлеміндегі сандарды тұра және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Шама. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыруды үйрету.</p> <p>Геометриялық фигураналар. Қоршаған ортадан геометриялық фигураналарға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды дамыту.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.</p> <p>Нұктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сыйзуға үйрету.</p> |
| Сурет салу | <p>Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығаруды үйрету (гуашпен сурет салу кезінде).</p> <p>Түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ жәнетүрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдауды жетілдіру.</p> <p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «кусканаты»)</p> |

| | |
|------------------|--|
| | туралы түсінігін көңілтү өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту |
| Мұсіндеу | <p>Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сактауды, мұсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеуді менгерту</p> <p>Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық), қалауы бойынша мұсіндеуіне мүмкіндік беру</p> |
| Жапсыру | <p>Әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеуді, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеуді, композиция ережелеріне сәйкес бейнелерді құрастыруды үйрету.</p> <p>Қайши мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сактауды пысықтау.</p> |
| Құрастыру | <p>Құрылым материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру.</p> <p>Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіруді үйрету.</p> <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу.</p> <p>Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеді, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану дағдысын дамыту.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру.</p> |
| Музыка | <p>Музыка тындау.</p> <p>Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сактауды жетілдіру.</p> <p>Ән айту.</p> <p>әннің сөздерін анық айтуды, оргаша, қатты және ақырын дауыспен ән айтуды дамыту.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағыттажүгіруді және секіруді менгерту.</p> <p>Билер.</p> <p>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ертезаманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән- күйлерімен, дәстүрлі түрмис салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жүртіның жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру</p> <p>Би шығармашылығы.</p> |

| | |
|-----------------------------------|---|
| | <p>Таныс би қымылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қымылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Музыкалық сазсырнай және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <p>Бала, оның отбасы, үйі.</p> <p>Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, ұлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсетуді үрету</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетіншеанықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауды дамыту.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары.</p> <p>Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсінуін жетілдіру</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>Тұған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну дағдысын жетілдіру.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері.</p> <p>«Балалар», «Трамвай аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.</p> <p>Табиғатпен таныстыру</p> <p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сұнгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр);</p> <p>Өсімдіктер әлемі.</p> <p>Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді үрету: оларды суару, түбін қосыту, жапырақтың шаңын сұрту.</p> <p>Жануарлар әлемі.</p> <p>Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алан); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыруды менгерту.</p> <p>Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілуін дамыту.</p> <p>Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің</p> |

| | |
|--|--|
| | <p>«дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.</p> <p>Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналытұрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсініү маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылау.</p> <p>Коршаган ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; ез өмірінің қауіпсіздігін сақтау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындаамау, олардың соңынан ермеу).</p> |
|--|--|

Білім беру ұйымы : МҚҚҚ «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

Топ/сынып: Мектепалды топ «Астана»

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Ақпан айы 2024жыл

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---------------------------|---|
| Дене шынықтыру | <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар: Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу;</p> <p>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жүптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет);</p> <p>Арқаға арналған жаттығулар: стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар: қолды тізеге қойып отырып-тұру</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру;</p> <p>кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минуттоқтамай жүгіру;</p> <p>әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту;</p> <p>бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру</p> <p>арақашықтықтығы 40 сантиметр;</p> <p>допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру;</p> <p>эр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, гимнастикалық скамейка бойымен тепе-тендікті сақтап жүру;</p> <p>онға, солға бұрылу.</p> <p>Музыкалық-ырғактық қимылдар.</p> <p>Тұзу бағытта адымдап жүруді. Жұбымен шенбер бойымен жүруді пысықтау.</p> |

| | |
|-------------------|---|
| | <p>Спорттық ойын элементтері: Баскетбол элементтерін үйрету. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүргүе жаттықтыру.</p> <p>Қимылды ойындар. Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Дербес қымыл белсенділігі. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындардыөз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Кыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шанғымен жүргүе, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға жағдай жасау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына дегенқажеттілігін қалыптастыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сұлгімен сұртіну. Осы шараларды жүргізуін және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсінуді жетілдіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары таңертенгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және өкшелерді нығайту.</p> |
| Қазақ тілі | <p>Тілдік дамытуши орта. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуда дағдыландауды.</p> <p>Сөздік қор.</p> |

| | |
|---------------------------|--|
| | <p>Түистық қарым-қатынасты («бауыр», «немере», «шөбере», «ағайын», «стуысқан», «жеті ата») білдіретін сөздерді үйрету.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Сөздерді жіктең, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әнгіме құрастыруға баулу.</p> |
| Сөйлеуді дамыту | <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:</p> <p>Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасауға машиқтандыру.</p> <p>Сөздік көр.</p> <p>Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту. Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:</p> <p>Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу:</p> <p>Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдауын пысықтау</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.</p> <p>Шығармашылықпен әнгімелеп беруді жетілдіру:</p> <p>бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әнгімелерін құрастыру өзара байланысты бірізді сюжет құрастыруды дамыту</p> |
| Көркем әдебиет | Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әнгімесінен алған ақпараттарымен, эсерлерімен болісуіне мүмкіндік беру. Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. |
| Саят ашу негіздері | <p>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтауды, берілген сөзге сөйлем құрастыруды дамыту.</p> <p>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденен, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сыйықтарды, нұктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен ұлғі бойыншажәне</p> |

| | |
|-----------------------------|---|
| | кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. |
| Математика негіздері | <p>Жиын. «Бір» сөзінің мағынасы, ол тек бір затты ғана емес, сондай-ақ жиынның бірбөлігі ретінде заттардың тобын білдіретінін түсіндіру.</p> <p>Сан, санау. 0ден 9 дейінгі цифрмен таныстырыу. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруін қалыптастыру.</p> <p>Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыруды пысықтау.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтауды жетілдіру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.</p> <p>Уақытты бағдарлау. Заттар мен құбылыстардың математикалық мәнін тануға қызығушылық пен эмоционалды қөзқарасты қалыптастыруға баулу.</p> <p>Нұктелерді, өрнектерді салуға, тік және көлбеу таяқшаларды, қисық және қиғаш сызықтарды дәптердің тор көзінде сыйзуға үйрету.</p> |
| Сурет салу | <p>Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «құстұмсық», «жапырақ» туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту.</p> <p>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салуды, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыруды үйрету.</p> |
| Мұсіндеу | Қазақ халқының тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен), тұған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстырыу, аталған заттардан қалауы бойынша мұсіндеуге мумукіндік беру |
| Жапсыру | Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (қілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық) таныстырыу, аталған заттардан қалауы бойынша қызық жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіруіне мумукіндік беру. |
| Құрастыру | <p>Құрылым материалдарынан, конструкторор бөлшектерінен құрастыру. Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.</p> |

| | |
|-----------------------------------|---|
| | <p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыруәдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи (ағаш, мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> |
| Музыка | <p>Музыка тыңдау. Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының шығармаларымен таныстыру. Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.</p> <p>Ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту.</p> <p>Музыкалық-ыргақтық қимылдар. Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағыттажүгіруді және секіруді менгеру.</p> <p>Билер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ертезаманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән- күйлерімен, дәстүрлі түрмис салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жүртіның жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру</p> <p>Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Музыкалық тұяқтас және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p> |
| Қоршаған ортамен таныстыру | <p>Бала, оның отбасы, үйі. Үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеуді қолдануын дамыту.</p> <p>Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетіншеанықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттауын жетілдіру.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары. Ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтауды бақылау.</p> <p>Еңбекке баулу.</p> |

Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сұртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу

Адамгершілік және патриоттық тәрбие.

Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсінуін дамыту.

Жол қозғалысы ережелері.

«Автобус аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру.

Табиғатпен таныстыру

Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуді.

Өсімдіктер әлемі.

Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білуді дамыту: оларды суару, түбін қосыту, жапырақтың шаңын сұрту.

Жануарлар әлемі.

Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, андар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алан); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыруды жетілдіру.

Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау, сақтау керек екенін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінебілуін қалыптастыру.

Қоғамдық орындарда мінезд-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту.

Нениң «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету.

Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналытүрде орындауға баулуды жалғастыру. Ережелер барлығына жақсы болуы (қарапайым, жайлы, қауіпсіз) үшін жасалатынын балалардың түсінуі маңызды. Егер белгілі бір ережелер сақталмаған жағдайда не болатынын балалармен талқылауды жасау.

Коршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауды орындау (бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, ойнамау, бөтен машиналарға отырмау, бейтаныс адамдардың өтініштерін орындау, олардың соынан ермеу).

Білім беру ұйымы : МКҚҚ «Құлыншақ» бөбекжай-бақшасы

Топ/сынып: Мектепалды топ «Астана»

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Ақпан айы 2024жыл

| Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---------------------------|---|
